



ХҒТАР 13.13.91
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-148-3-165-180>

Корей дәстүрлі мәдениетіндегі «өмірлік төрт рәсім»: өткені мен бүгіні

Д. Ілиясқызы*^{ID}, А.Б. Абаған^{ID}, Ш.Т. Сауданбекова^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: iliyaskyzy@gmail.com, akerke83@gmail.com, saudanbekova.shynar@gmail.com)

Аңдатпа. Жаһанданудың қарқынды үрдісі ұлттық және мемлекеттік мүдделерге көптеген қиындықтар туғызады. Әлемдік процестерден тыс қалмай ұлттық пен жаһандану үрдісін біріктіру әрекеттері жасалуда, бұл әсіресе Шығыс елдеріне тән. Мақаланың негізгі мақсаты: Оңтүстік Кореяның қарқынды дамып келе жатқан және өзгеріп жатқан қоғамының қазіргі жағдайында Чосон заманынан бастау алатын корейлердің күнделікті өміріндегі дәстүрлі өмірлік циклдің сақталуын талдау, қазіргі корей қоғамының көзқарасын анықтау, рәсімдерге қатысты үкімет тарапынан қабылданған заңдарды зерттеу. Автордың гипотезасы: корей халқы «Өмірлік төрт рәсім» әдет-ғұрыптарының жаңа және дәстүрлі элементтерін біріктіріп, терең мәдени мәнін, формалары мен құндылықтарын жоғалтпай жас ұрпаққа түсінікті, әрі тартымды етіп заманауи интерпретацияны қосуға тырысады. Өзектілігі мен жаңалығы: дәстүрлі мәдениет пен жаһандану үрдісін ұтымды ұштастырып отырған корей халқының тәжірибесі қарастырылды, Оңтүстік Кореяның рәсімдерінің өзгеруіне себеп болған ішкі және сыртқы факторлары алғаш рет зерттелді. Зерттеу әдістері: бұл жұмыста тарихи және антропологиялық зерттеу әдісі, жалпы теориялық әдістер (анализ, синтез және абстракция), құжаттар мен дереккөздерді талдау әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижесі: корей халқы өзінің ұлттық құндылықтарын, дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын сақтап қана қоймай, ежелгі ядро мен жаңа қабықты ұтымды түрде синтездеп, нәтижесінде өзгерген мәдени рәсімге ие болды. Дәстүрлі рәсімдердің орындалуы мемлекет тарапынан қадағаланып отырғандығы анықталды.

Түйін сөздер: жаһандану, Оңтүстік Корея мәдениеті, рәсім, дәстүрлі, ұлт, әдет-ғұрып.

Түсті: 01.12.2023; Мақұлданды: 16.09.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024

Кіріспе

Қазіргі заманауи зерттеулерде дәстүрлі халық мәдениеті мәселесіне қызығушылық күрт артты, бұл жаһандану және ақпараттандыру дәуірімен тікелей байланысты десе болады. Дәстүр тарихи мұрамен дәнекерге айналып, ұлттық мәдени бірегейлікті сақтауға ықпал етеді. Дүниежүзі халықтарының ұлттық өзіндік сана-сезімін арттыру тенденциясы, олардың өзіндік мәдени-этникалық жаңғыруы жалпы жаһандану процестері аясында ерекше айқын аңғарылады. Осыған байланысты корей халқының рухани-адамгершілік қалыптасуының, «адам – отбасы – қоғам» жүйесіндегі қатынастарды үйлестірудің ортасы ретінде рухани этникалық өзін-өзі түсіну қажеттілігі артып келеді. Заманауи зерттеулерде дәстүрлі мәдениетке қызығушылық айтарлықтай артты. Себебі, жаһандану мен ақпараттандыру жағдайында дәстүр тарихи жадымен дәнекер болып, ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтауға септігін тигізеді.

Корей халқының әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер және олардың әлеуметтік функцияларын зерттеуде өз үлесін қосқан ғалымдар: Ю.В.Ионов, С.О.Курбанов, Т.М.Симбирцев, А.Н.Ланьков, С.О.Құрбановтың зерттеулерінде дәстүрлі корей қоғамындағы ата-баба культі мен «тақуалық» категориясының маңызын зерттеу ерекше орын алады. Т.М.Симбирцев пен А.Н.Ланковтың еңбектерінде өмірлік цикл рәсімдерінің әртүрлі маңызды аспектілері қарастырылған. Көптен бері корей халқының дәстүрлі мәдениеті Батыс зерттеушілерінің назарын аударып келеді. 20 ғасырдың 60-80 жылдарында корей ауылдары мен қалаларында жүргізілген далалық зерттеулердің бай материалдарымен расталған Американдық және Батыс Еуропалық ғалымдардың еңбектері корейлердің дәстүрлі мінез-құлқы туралы пайдалы және қызықты материалдар береді. Дәстүрлі Кореяның ғұрыптық тәжірибесінің ерекшеліктерін жақсырақ түсіну үшін Роджер Джанеллидің «Ата-бабалар культі және корей қоғамы» еңбегінің маңызы зор. Батыстың зерттеушісі Р.Джанелли ата-бабалар культін жан-жақты зерттеудің маңыздылығына тоқталған [1, 117 б.].

Бүгінгі таңда мәдени жаһандану үрдісінің теориялық тұрғыдан қарастыруда 3 негізгі бағыттын бөліп көрсете аламыз: гиперглобалистік, глобалистік (локализация, глокализация) және антиглобалистік. Гиперглобалистік теория – жаһанданудың салдары әлемдік мәдени кеңістіктің бірігуіне алып келеді. Бұл теорияны жақтаушы ғалымдар: М.Уотерс, Ж.Аттали. Глобалистік (локализация, глокализация) теория – жаһандану процесі глокализацияға алып келеді деген көзқарасты жақтаушы трансформалист ғалымдар: П.Бергер, У.Бек, Р.Робертсон. Антиглобалистік теория – әлемнің өркениеттік құрылымының ерекшеліктеріне байланысты, мәдениеттің ортақ болуы мүмкін емес деп есептейтін ғалым Б.Барбер. Біздің зерттеу жұмысымызға глобалистік көзқарас жақын, яғни дәстүрлі мәдениет жаһандану салдарынан жоғалып кетпейді, керісінше жаһандану үрдісімен мәдениетті ұтымды ұштастыруға болады.

Дәстүрлі құндылықтар дағдарысы жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу аса өзекті мәселелердің біріне айналуда. Осы тұрғыда мәдени дәстүрлер мен оған қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, рәсімдер қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады. Сондықтан дәстүрлі мәдениетті сақтау мәселесі ерекше маңызға ие [2,

250 б.]. Осындай ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал ететін дәстүрлі мәдениетті заманауи мәдениетпен жақсы үйлестіріп келе жатқан елдер қатарына Оңтүстік Корея жатады. Басқа елдерге жоғары техникалық дамыған ел ретінде танымал Корея Республикасы қазіргі таңда өз дәстүрлі мәдениетін елінде ғана дәріптеп қоймай, шет елдерге де көрсетіп жатыр. Оңтүстік Корея заманауи және дәстүрлі мәдениетті сабақтастырып, тіпті жұмсақ күш саясаты арқылы өз тілі мен мәдениетін шетелдерге насихаттап келе жатқан елдің бірі. Қазіргі Оңтүстік Кореяның бейнесі, ең алдымен, ерекше мәдениеті мен терең дәстүрінің түйісуінен қалыптасып отыр. Бүгінгі корей халқы мәдениетінің көптеген ерекшеліктер негізі елдің сонау өткенінен бастау алады. Сондықтан елдің бүгінгі күніндегі дәстүрлі мәдениетін түсіну үшін өткен тарихы мен мәдениетіне үңілу керек. Дәстүрлі және заманауи корей халқының бейнесін қалыптастырып, өткені мен бүгінгі күнін байланыстыратын рәсімдердің бірі «Өмірлік төрт рәсім» (관혼상제 [gwanhonsangje]). Корей халқы дәстүрлі мәдениетінен ерекше орын алып, әлі күнге дейін іздері сақталған рәсімдерінің қатарына 관혼상제 [gwanhonsangje] жатады [3, 156 б.].

Зерттеу әдістері

Оңтүстік Корей мемлекеті дәстүрлі мәдениетін бүгінгі күні сақтай отырып, модернизациямен ұтымды ұштастырып қана қоймай басқа мемлекеттермен өз тәжірибесімен бөлісіп келе жатқандығын зерттеуде тарихи және антропологиялық зерттеу әдісі, жалпы теориялық әдістер (анализ, синтез және абстракция) қолданылған. Сонымен бірге, мәселені тереңірек ашу мақсатында дереккөздерді талдап зерттеу әдістері жүзеге асырылды.

Нәтиже мен талқылау

Өмірлік төрт рәсімнің корей тіліндегі анықтамасына үңілер болсақ: «Белгілі бір мемлекет азаматының ұстанатын заңы – азаматтық заң, ал адамдардың ұстанатын заңы – рәсім» деген екен. Бұрынғы заманнан бері корейлер өз өмірін төрт маңызды кезеңнен тұрады деп есептейді. Сол төрт маңызды кезеңді рәсіммен белгілеп, атап өту қажет деп есептеген. Корей халқының рәсімдері 관례 [gwallye] (баланың есею рәсімі), 혼례 [hollye] (некелесу рәсімі), 장례 [jangnye] (қайтыс болған кездегі рәсім), 제례 [jerye] (қайтыс болған адамды еске алу рәсімі) деп төртке бөлінеді. Осы рәсімнің әр бастапқы буынының жинағынан 관혼상제 [gwanhonsangje] «Өмірлік төрт рәсім» деген сөз шыққан. Бұл төрт рәсімнің түп тамыры «Ли цзы» атты рәсімдер кітабында жазылған төрт рәсіммен тығыз байланысты [4, 405 б.]. Яғни есейіп, отау құрып, бақилық өмірге аттанып, аруақтарды еске алып өмір сүру кезеңдері. Енді біз корей халқының өмірінің төрт маңызды бөлігін жеке-жеке қарастырып көрейік.

관례 [gwallye] (баланың есею дәстүрі) дегеніміз конфуцийшілдік есею дәстүрі дегенді білдіріп, «관» [gwan] буын «тәж» деп аударылады. Бұрынғы заманда корей ұлдары есейген кезде шаштарын түйіп, бастарына қалпақ киген, ал қыздары бұрымдарына

түйрегіш таққан. Есейген кез дәстүр бойынша отау құруға дайын деген белгі. Ежелде кәмелет жасқа толу рәсімі маңызды орындалуға тиіс «Өмірлік төрт рәсімнің» бірі болған. Өйткені, кәмелет жасқа толу – жасөспірімнің белгілі бір жасқа жетіп, қоғам алдында өз ісіне жауап бере алатын, қоғамдық өмірге араласа алатын шаққа жетуі. Бұл рәсімнен өткеннен кейін адамның жауапкершілігі артып, балалықпен қоштасып, некеге тұрған. Кәмелетке толу рәсімі корей халқында ежелгі Корё дәуірінен бастау алған. Корё әулетінің патшасы Кванг Джонг билігінің 16-шы жылы (965ж.) тақ мұрагері ханзадаға **원복** [vonbok] деп аталатын ересектерге арналған киімді кигізіп, ресми түрде кәмелет жасқа толғандығын жариялады. Осы сәттен бастап кәмелетке толу рәсімі салтанатты түрде өткізілетін болған [4, 410 б.]. Корё әулеті билігінің соңында, Мин патшасы билік еткен кезде есею рәсімін **주자가례** [jujagarye] «Чжучжа отбасылық рәсімдер»–кітабына енгізді. Кітаптың бастапқы атауы «**가례**» [garye] «Отбасылық рәсімдер» болды, бірақ оны неоконфуцийшіл Чжу Си (1130-1200) жазғандықтан, «Jujagarye» деп аталып кеткен [5, 19 б.].

Ұл баланың ер жетуі кезінде орындалатын рәсім – **관례** [guallye] «ұзын шаштарын түйіп, ресми қалпақ кию рәсімі», ал қыздардың бойжету рәсімі – **계례** [keye] «шаштарын түйіп, түйреуіш тағу рәсімі» деп аталды. Қыз баланың кәмелет жасқа толу рәсімі қарапайым түрде өткен. Рәсім қыз бала 15 жасқа толған кезде ересектерге арналған **한복** [hanbok] – корей халқының ұлттық киімін киіп, шаштарын нефриттен жасалынған **니녀** [pinyo] деп аталатын дәстүрлі шаш түйрегішімен түйреп, бастарына **족두리** [jokturi] деген кішкентай қалпақша киген. Ер баланың кәмелет жасқа толу рәсімін – **삼가례** [samgarye] деп атаған, яғни қалпақ пен киімді үш рет ауыстыру, ал қыз баланікін – **단가례** [dangarye] деп атаған, яғни шашын түйрегішпен түйіп, бір рет қана киімін ауыстырған. Осыдан қыз баланың кәмелет жасқа толу рәсімі өте қарапайым орындалғанын байқауға болады. [5, 20 б.].

Чосон әулеті билігі тұсында 1894-1895 жылдар аралығында Коджонг патшасы Кабо реформасын – Кабо **갑오경장** [kyongjang] қабылдап, **단발령** [danballyong] деп аталатын жарғысын жариялаған. Бұл жарлықта ер кісілер ұзын түйілген шаштарын кесу туралы бұйрық шығарды. Сол себепті, Коджон патша билігінің тұсында кәмелетке толу рәсімін өткізу жойылды [6].

Дәстүрлі кәмелет жасқа толу рәсімі мен қазіргі заманғы кәмелет жасқа толу рәсімінің негізгі мақсаты мен мәні бір, бірақ рәсімнің орындалу реті мен мазмұны айтарлықтай ерекшеленеді. Қазіргі уақытта бұл рәсім корей қоғамында әлі күнге дейін маңызды орын алады, рәсімнің орындалу тәртібі көптеген факторлар әсерінен өзгеріске ұшыраған. Әсер еткен ішкі фактордың бірі: Корея Республикасы құрылғаннан кейін елді жаппай еуропалықтандыру саясатының басталуы. 1969 жылы Президент Пак Чон Хидің басшылығымен корейлердің мәдени өмірін реформалау басталды. Модернизация саясаты әсерінен, сонымен қатар көптеген лауазымы жоғары шенеуніктердің Батыс елдерінен білім алулары, дәстүрге деген көзқарастарын өзгертті. Дәстүрді артта қалушылық деп санаған еді. Ішкі факторлардың тағы бір түрі экономикалық дағдарыс кезеңінде аса ысырапшылдықпен күресу саясаты жүргізілді, көптеген мереке салт-дәстүрлерден бас тартты, кәмелет жасқа толу рәсімін орындауға тыйым салынды.

Төрт негізгі рәсімдерді ғана қамтитын отбасылық салт-дәстүрлердің жаңа кодексі енгізілді, яғни үйлену тойы, 60 жылдық мерейтой, жерлеу және ата-бабаларды еске алу рәсімдері ғана орындалды. Бұл кодексте кәмелеттік жасқа толу рәсімі енгізілмеген еді. Үш жылдан кейін 1972 жылы «азаматтық мораль» міндетті сабақтары енгізілді, ал 1973 жылы кәмелет жасқа 19 жаста толу күні деп ресми түрде бекітілді. Кәмелет жасқа толу күні 1974 жылға дейін 20 сәуірде атап өтілген, ал 1984 жылдан бастап мамыр айының үшінші жексенбісіне ауыстырды. Осы сәттен бастап жыл сайын мамыр айының үшінші дүйсенбісінде өткізілетін болды [7].

20-ғасырдың ортасына дейін аудандар мен ауылдарда ақсақалдар жиналып, кәмелет жасқа толу рәсімін дәстүрлі түрде өткізетін жерлер көп болған. Алайда индустрияландыру мен урбанизацияға байланысты дәстүрлі әдет-ғұрыптар ұмытыла бастаған еді. Кәмелеттік жасқа толу рәсімі жойылып бара жатқандықтан, Оңтүстік Корей мемлекетінің «мәдениет және туризм» министрлігі дәстүрлі кәмелетке толу рәсімін салтанатты түрде өткізуді қайта жаңғыртты. 2006 жылы 6-қыркүйектен бастап рәсімді «ұлттық жастар комитеті» өткізді, ал 2008 жылы рәсімді ұйымдастырушы ретінде «денсаулық сақтау және әл-ауқат министрлігі» тағайындалды. 2010 жылдың наурыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «гендерлік теңдік және отбасы министрлігі» басқарады [7].

Кәмелетке толу рәсімінің стандартты үлгісі бүгінгі жастардың бойында дәстүрлі мәдениетке деген мақтанш сезімін ояту және оларды кәмелетке толу рәсімдеріне тән әлеуметтік мағыналар туралы тәрбие беру мақсатында 1999 жылдан бері ресми түрде өткізіліп келеді. Салтанатты рәсімге төрағалық ететін ересек адам дәстүрлі киім киіп, 19 жасқа толған корей халқы жастарын кәмелет жасқа толуын жариялайды. Қазіргі уақытта мемлекеттің қолдауымен 상견례[sanggyollye] – үстел үстіндегі әдептілік, 삼가례[samgarye] – есею кезінде орындалатын рәсім, 초례[chorye] – неке қию кезінде орындалатын рәсімдері өткізіледі. 1977 жылы 30 наурыз айынан бастап Президент жарлығымен «әртүрлі мерейтойлар ережелері» қабылданып, үкімет ұйымдастыратын мерейтойлар күндері белгіленді [7].

Қазіргі кезде корей халқының дәстүрлі кәмелетке толу рәсімі Сунгкюнкван университетінде салтанатты түрде өткізіледі. 19 жасқа толған азаматтар мен азаматшалар корей халқының дәстүрлі киімдерін киіп мекеме алдында жиналады. Ұйым басшысы жақсы тілектерін білдіреді, үлгілі ересек адам болғаны үшін мақтау қағаздарын алып, алғаш рет күріштен жасалынған шарап ішіп көреді. Рәсім 수헌례[suhollye], яғни жауапкершілігі мол ересек адам боламыз деп ант берумен аяқталады. Сыйлық ретінде раушан гүлі мен хош иісті әтір суын сыйлайды. Раушан гүлін кәмелеттік жасқа толған жастарға шексіз сүйіспеншілік пен құштарлық жалғассын деген үмітпен берсе, иіс суды жұпар иістерін айналасындағы жандарға тарататын жақсы адам болуды тілеп береді. Бұл тарихи қалыптасқан рәсімнің мағынасы жастардың неке қию жасына жетіп, өмірлік серіктерін жолықсын деген ниетпен орындалады [7].

Оңтүстік Кореяда Гендерлік теңдік және отбасы министрлігі 1000 адам арасында жүргізген сауалнама нәтижесінде «кәмелетке толу рәсімін» 55,4% ересектерге, 68,3% жасөспірімдерге қажет деп көрсетті. Ересек адам болып, кәмелетке толу рәсімінің өткізілу мәнін жастарға үйрету қажет деп 72,6% көрсетті [15]. Яғни қазіргі қоғамның рәсімге деген көзқарасы жақсы.

Корей халқы өміріндегі төрт маңызды рәсімнің екінші реті 혼례 [hollye] (некелесу дәстүрі). Екі жастың әлеуметтік ортада бір-бірін ерлі-зайыпты ретінде мойындағанын білдіретін адам өміріндегі ең маңызды өтпелі рәсімнің бірі. Корей халқының түсінігіндегі некелесу бұл екі жастың отау құруы емес, екі әулеттің бірігуі десек болады. Қазіргі таңдағы корей халқының үйлену рәсінде ең бастысы екі жұптың негізгі ойы болып өзгергенімен, әлі күнге дейін әулет пікіріне сүйеніп отырады. Дәл осы себепті бір-бірін сүйіп, үйленеміз деген шешімге келсе де, екі жұп әке-шешесінің рұқсатын алып қана маңызды қадамға барады. Корей халқының дәстүрлі үйлену рәсінде күйеужігіт жақ тұрмысқа шығуға ұсыныс жіберіп, қалыңдық жақтан келісім жауап жіберу сияқты ретпен жүзеге асады. Бұрын корей халқы үшін конфуцишілдік құндылықтар маңызды болып, дәстүрлі корей қоғамында үйлену – екі әулеттің бірігуі деген түсінік болған. Дәл осы себепті өз бетімен өмірлік серік табуға мүмкіндік берілмейтін жағдайлар да кездескен.

Некелесу жайлы әңгіме туғаннан бастап жігіт жақтан қыз жаққа 사주 [saju] жіберген. 사주 [saju] деген екі жастың туған күні, жылы, уақыты жазылған хат. Ежелде екі жастың туған күнін салыстырып қарап, жастардың бір-біріне үйлесімділігін байқаса, қалыңдық үйі некелесуге рұқсатын беріп, тойдың болатын күнін белгілеп, күйеу жігіттің үйіне хат жіберу арқылы хабар берген. Бұл рәсім реті 택일 [taegil] деп аталады. Күйеу жігіттің отбасы хатқа жауап ретінде қалыңдықтың үйіне 함 [ham] кәдесый жіберіп алғысын білдіреді. Дәстүрлі үйлену рәсімі күйеужігіт қалыңдықтың үйіне күймеге отырып, бетін жауып келумен басталады. Күйеубала жабайы қаз алып келіп, өмір бойы бірге боламыз деген уәдемен тағзым етеді [8].

기러기 [kikokabi] (дәстүрлі үйлену тойында күйеу жігіт қалыңдық үйіне жабайы қазды алып келіп дастарханға қойып тағзым еткен кезде қазды көтеріп алып күйеу жігіт алдында тұратын адам). Кирокаби бір қазды көтеріп алып күйеу жігіт мінген аттың алдында жүреді. Бұл қаз ағаштан жасалған, қалыңдық үйіне арналған сыйлық болып табылады. Жабайы қаздар – жұптасып өлгенше ажырамай өмір суретін құстар болғандықтан, корей халқында адалдықтың символы ретінде саналады. Сондықтан, күйеу жігіт қалыңдыққа қаздың бір жұбын сыйға тартады, осылайша ерлі-зайыпты болып жақсы өмір сүруге деген ықыласын жеткізеді. Күйеу жігіт қалыңдықтың үйіне кіріп, өзі алып келген бір жұп жабайы қазды жерге қойып, қыздың әкесіне құрмет көрсетіп басын иеді. Күйеу жігіт пен қалыңдық салтанатты түрде кең аулада той кезінде жайылатын дастархан алдында бетпе-бет тұрып 초례 [chorye] рәсімін өткізеді. Бұдан кейін екі жұп қолдарын сумен жуып, үйлену рәсіміне арналған дастарханының екі жағында бір-біріне тағзым етеді. Бір-біріне ант беріп, шарап ішеді. Рәсім некелескен екі жас үйдің үлкендеріне біртіндеп тағзым етумен аяқталады [8].

1876 жылдан бастап Еуропалық интервенцияның басталуы және Жапонияның отарлау саясаты корей дәстүрлі мәдениетіне айтарлықтай өзгерістер алып келді. Некелесу дәстүрінің батыстық сипатқа ауысуы қоғамда екі жақты пікір тудырған. Батыс, жапон мәдениетінің енуі үйлену тойындағы салт-дәстүрлердің айтарлықтай өзгеруіне және қысқаруына алып келді. Батыс үлгісіндегі алғашқы үйлену тойының ресми түрде жазылған күні де бар. Батыстың үйлену рәсімі ең алғаш рет 1920 жылы 15 сәуірде Сеулдегі неке сарайларының бірінде болған екен. Неке заңгер Ким У Ён мен суретші На

Хе Суктың арасында болды. Күйеу жігіт қара костюммен, ал қалыңдық ақ неке көйлегін киген. Салтанатты шараның бейтарап аумақта өтуі қоғамда резонанс тудырды. Кейіннен үйлену тойларын неке сарайларында, буддизм ғибадатханаларында, конференц-залдарында өткізу сәні тұрақты дәстүрге айналды. Бірақ жаңа енгізулер қалыптасқан дәстүрлерден бас тартқысы келмейтін қарапайым халық арасында қатаң қарсылықты тудырды. Бұл қарсылық ХХ ғ. 1950 жылдарға дейін созылды [8].

60-жылдары басталған индустрияландыру және экономиканы қалпына келтіру процестері халықтың материалдық жағдайдың айтарлықтай өсуіне алып келді. Соның нәтижесі қоғамдағы таптық жіктелуіне алып келді. Дәстүрлі некелесу тіпті ауылдарда да жоғалып кетті, ал рәсімді жалға алынған жерде өткізу дәстүрі барлық жерде таралып кетті. Кейіннен олар неке қию рәсімдерін және әртүрлі діндер мен діни ағымдардың: христиандық, протестантизм, католицизм және ұлттық діни қозғалыс Чондогё дәстүрлері бойынша өткізе бастады.

Дәстүрлі 혼례 [hollye] некелесу рәсімі өзгеріске ұшырағанымен қазіргі кезде де кейбір рәсімдер өзгеріссіз сақталып келеді. Мәселен, қалыңдықтың үйіне жіберілетін 함 [ham] кәдесый, қалыңдықтың ата-енесіне сәлем салуы, оларға арнайы сыйлықтар табыс ету сияқты элементтер барлық үйлену рәсімдердің түрлерінде кездеседі.

Қазіргі кезде корей халқының үйлену рәсімі синтезделген рәсім десек болады. Корей халқы дәстүрлі және заманауи некелесуді жақсы үйлестіріп, қазіргі заман ағымына сай орындап келе жатыр. Бүгінгі күні Кореяда үйлену тойлары 예식장 [eshikjan] (рәсім өткізілетін үй) деп аталатын мемлекеттік неке қию сарайларында өткізіледі. Тойға аз уақыт қалғанда 예식장 [eshikjan] (рәсім өткізілетін үй) қонақтар келеді, оларды қалыңдық пен күйеу жігіттің ата-анасы қарсы алады. Кореяда үйлену тойына туыстарды, оның ішінде әріптестерді де шақыру әдетке айналған, сондықтан жүздеген, кейде мыңдаған қонақтар келеді. Қонақтардың саны 3000-нан астам адамға жеткен жағдайлар тіркелген. Қонақтар «пуджо» материалдық көмек ретінде ақшалай сыйлық береді [9].

Бірінші ресми үйлену тойы өтеді және ол негізінен зайырлы және конфуцийшілдік дәстүрлерге негізделген болса да, әдетте ол «батыс» стильде өткізіледі. Күйеу мен қалыңдық батыстық үлгідегі киім киіп, салтанатты рәсім шіркеуге ұқсас үлкен залда өтеді. Осыдан кейін барлық қонақтар естелік суретке түсіп, рәсім осымен аяқталады. Ресми бөлім аяқталғаннан кейін барлық қонақтар 예식장 [eshikjan] маңындағы немесе жақын маңдағы мейрамханаға барады. Жиналған қонақтар мейрамханада жайылған дастарханнан дәм татып болғаннан кейін үйлеріне тарқайды. Мейрамханада жастар болмайды. Өйткені, осы кезде екінші рәсім басталады.

Екінші рәсім дәстүрлі түрде өтеді. Күйеу мен қалыңдық арнайы бөлмеде күйеу жігіттің ата-анасы мен қайын жұртына тағзым етеді. Бұл рәсімде қалыңдық пен күйеу жігіт ұлттық киімдерін, яғни «ханбок» киеді. Бөлмеде қалыңдықтың отбасы әзірлеген тәттілер қойылған дастархан жайылады. Үлкен туыстары қалыңдықтың сол жағына, ал кішілері оң жағына отырады. Қалыңдық пен күйеу жігіт жасы үлкенінен бастап әрқайсысына жақындап рәсімдік тағзым жасап, бір стақан шарапты ұсынады. Ең алдымен ата-анасына тағзым етеді. Олардың алдында бастары жерге тигенге дейін толығымен иіліп, екі рет тағзым етеді және бір рет жартылай иіліп тағзым етеді. Кейін үлкендеріне бір рет толық

және екі рет жартылай иіліп тағзым етеді. Жасы кішілерге келгенде бір-біріне иіліп тағзым етеді. Жауап ретінде әрқайсысы жастарға ақша салынған конвертті сыйлайды. Әдетте бұл ақшаны жастар бал айына саяхаттауға жұмсайды [9]. Соңғы жылдары корей халқының үйлену тойларында ежелгі рәсімдер орындалып, дәстүрлі әдет-ғұрыптардың жаңғыруы кең етек алуда. Кореяда қазіргі кезде мемлекет үйлену тойларында рәсімнің дәстүрлі түрде орындалуын қатаң түрде қадағалап отырады.

Қазіргі корей қоғамының рәсімдерге деген көзқарасын анықтау үшін. жұмысымызда Оңтүстік Кореяның гендерлік теңдік және отбасы министрлігі «Өмірлік төрт рәсімге» қатысты жүргізген сауалнамаға талдау жүргіздік. Сауалнама нәтижесінде 1000 адамның 56,1%-ы үйлену тойын өткізу рәсімін қысқартып, жеңілдету қажет деп көрсетті, екінші орында жерлеу рәсімі 23,5%-ды көрсетті, ал үшінші орында 12,1% еске алу рәсімі таңдалды. Сауалнама нәтижесі бойынша үйлену той рәсімі ең көп шығынды қажет ететіні анықталды [15].

Оңтүстік Кореяның стратегия және қаржы министрлігі мен неке қызметін зерттеу институты жыл сайын бір жыл ішінде үйлену тойына жұмсалған қаражатты тексере алатын платформа құрған. Бұл платформа үй бағасын есептегенде 60 миллион воннан асатын (теңгемен есептегенде 21,611 254тг) үйлену той шығынымен күресіп жатқан жас жұбайлардың жүгін жеңілдетуге көмектесу үшін құралған [14].

Ұлттық статистикалық комитеттің 2023 жылы жүргізілген мәліметтер бойынша, респонденттердің 33,7%-ы некеге тұрмау себебі: үйлену тойына және баспанаға жұмсалатын қаражат деп көрсетті. 17,3%-ы мұқтаждықтары жоқ деп, 11%-ы бала күтімі бойынша қиындықтар деп, ал 10,2%-ы некелік серігін кездестірмегендіктен деп көрсетті. Яғни сауалнама нәтижесін қарасақ үйлену тойына жұмсайтын шығынның көптігі қазіргі қоғамды алаңдатады. Сол себепті жастар үйлену тойына дайындық кезіндегі қажетсіз элементтерді азайту қажет деп есептейді. Яғни сауалнама нәтижесі бойынша корейлердің 31,7%-ы қалыптасқан дәстүр бойынша некелескен кезде екі жақтың ата-аналарының бір-біріне беретін сыйлықтары мен үйлену той рәсімі бойынша берілетін кәдесыйды жеңілдету қажет деп көрсетті [14]. Неке саны азайғанымен жыл сайын неке қию шығыны тез өсуде. Соған байланысты жаңа термин шықты «үйлену тойының инфляциясы». Неке туралы ақпарат беретін Gayeon компаниясының соңғы 5 жыл ішінде некеде тұрған 1000 ерлі-зайыптылар мен әйелдерге жүргізген сауалнамасының нәтижесінде үй бағасын есептегенде некеге дайындықтың орташа құны 62,98 миллион вонды (теңгемен есептегенде 23 миллион тг) құраған. Осының салдарынан неке құру мен бала туу мәселесі туындап жатыр. Ұлттық статистикалық комитеттің халық санағына сәйкес ақпан айында 16,949 неке тіркелді, бұл өткен жылдың сәйкес айымен салыстырғанда 896 (5%) азайды. Ақпан айында туылғандар 19362 болып, өткен ақпан айымен салыстырғанда 3,3%-ға (658) азайды [14].

Корей халқы өміріндегі төрт маңызды рәсімнің бірі *상례* [sangrye] – жерлеу рәсімі болып табылады. Жерлеу рәсімі – адамдардың өмірден қайтқан жақындарына құрмет көрсетіп, қайтыс болған адамның рухының тыныштығын тілей отырып орындалатын шығарып салу рәсімі. Жерлеу рәсімін өткізу мәселесі өте маңызды және көбінесе белгілі бір елдің мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл кең ауқымды тақырып болғанымен, бұл

мақалада жерлеу рәсімдерінің Чосон дәуірінде және қазіргі уақытта қалай өткізілетіндігі жайлы салыстырып жазбақшымыз. Ежелден бері корей халқы жерлеуді өте маңызды рәсім деп санаған. Корейлер өлім – ол жанның келген жеріне қайта оралуы деп есептейді. Сондықтан қайтыс болған адамды «Қайтып барды» деп айтады. Бұрынғы кездері біреу қайтыс болса, қарасорадан өндірілген матадан киім киіп алып мұңайып жоқтау айтқан. Бір адам төбеге шығып, киімін солтүстікке қарай сілтеп, айқайлап дауысын шығаратын. Қақпаға қаралы үй екендігін білдіретін шырақ ілінетін. Келесі күні таңертеңсін үй ішіндегі үлкендер жиналып, марқұмды жуындырып, жаңа киімдерін кигізеді. Қайтыс болды деген хабарды естіген көп кісілер қайтыс болған кісі үйін іздеп келіп шуылдап кетеді. Үй іші адамдары мұңайып жалғызсырап қалмас үшін ағайын-туыс, ауылдастары түні бойы сол үйде бірге болады. Осылай марқұмның отбасы кайғырмай қиындықтан өтсін деген ниетпен қолдау көрсетеді. Жерлеу рәсімі мерзіміне байланысты аты да өзгереді. Мысалы: үш күндік рәсім, бес күндік рәсім және жеті күндік рәсім. Негізінен үш күндік рәсімді өткізеді. Үш күндік мерзім дегеніміз бұл **부활** [buhwal] (яғни о дүниеге аттанып, қайта қайтып келетін түсініктен пайда болған) [10].

초종 [chojong] (қайтыс болғандағы рәсім) – жерлеу рәсімінен бастап аза тұтқанға дейін орындалатын рәсім. **고복** [kobok] (адам қайтыс болған кезде марқұмның тірі кезде киген үстіңгі киімін алып үйдің үстіне шығып немесе аулаға шығып сол қолмен жағасын оң қолмен киімнің бел жағынан ұстап, солтүстікке қарай сілтеп дүниеден өткендігін айтқан) **발상** [balsang] жерлеу рәсімі қайтыс болған адам рухын шақырғаннан кейін **습염** [syurom] жусан немесе арша қайнатылған сумен денесін жуып киім кидіру, мәйітті орау **성복** [songbok] қайтыс болған адамның киімін кидіру, **발인** [barin] табытты жерлейтін жеріне жеткізу, **하관** [hagwan] табытты жерге көму деген рәсімдер бар. Рәсімдерді орындау тәртібі мен әдістері аймақ немесе әлеуметтік мәртебесіне қарай ерекшеліктері көп болады [10].

Ежелде корейлер тек жерлеу әдісін қолданған еді, қазіргі кезде кремациялау әдісін де қолданады. 1910 жылы корей халқы жапондықтардың отарына айналғандықтан, жерлеу рәсімінің өзгеруіне ықпалын тигізді. Жаңғырту мақсатында Жапония корейлердің жеке мазарларға жерлеу рәсімін күштеп жойып, қоғамдық зираттар мен кремациялау әдісін енгізді [11]. 1912 жылы Жапония мемлекеті корей халқына жеке зираттарға жерлеуге тыйым салып, мәйітті қоғамдық зираттарға жерлеу немесе кремациялау әдісін қолдану тиіс деген «Қабірлер жайлы жарғыны» енгізді. Корей халқы жаңа заңға қатты наразы болды, өйткені заң конфуцийшілдік дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сәйкес келмеді. Сонымен қатар зираттарға арналған көптеген қоршалған бос таулар өлімді үнемі еске салып отырды және қоршалған аумақтарды тау-кен өндіру немесе инфрақұрылымдық мақсаттарда пайдалану мүмкін емес еді. Соның салдарынан 1919 жылы наурыз айында корей халқы көтеріліске шықты. Қозғалыстан кейін заңға түзету енгізілді, бірақ ол түзету тек корей элитасына қатысты болғандықтан, корей халқының наразылығы одан ары арта түсті. Корей халқы жаңа заңды жиі бұзып, жасырын түрде жиі жерлеуі оларды қылмыстық жауапкершілікке тартуына алып келді [12].

Кореяның дәстүрлі жерлеу рәсімі Чосон патшалығы билік еткен кезеңде конфуцийшілдік дәстүрге негізделіп қалыптасқан. Қазіргі корей халқының жерлеу рәсімі

ежелгі жерлеу рәсімінен айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді. Қазіргі заманауи жерлеу рәсіміне келетін болсақ жерлеу рәсімі үш күн ішінде жүзеге асырылады. Жерлеу заңына сәйкес адамды қайтыс болғаннан кейін бірден жерлеуге тыйым салынады. Қайтыс болғандығы туралы жарияланғаннан кейін кем дегенде 24 сағат өтуі керек. Әдетте қайтыс болған күні мәйіттің басын шығысқа қаратып жатқызады, жамылғысы мен киімін таза етіп ауыстырады. Үйге ең жақын адамдары жиналады. Өлім кезінде адам жалғыз қалмауы керек, сондықтан туыстары өмірінің соңғы минуттарында адаммен бірге болады. Ол бұл дүниеден кеткеннен кейін марқұмның көзін жұмып, мұрны мен құлағын мақтамен тығындап, денесі жансызданбай тұрып аяқ-қолын түзейтін « すし » [sushi] рәсімінің бір бөлігі орындалады. Кореяда ұзақ уақыт бойы конфуцийшілдік дәстүр бойынша жерлеу рәсімін өткізгендіктен, жерлеу рәсімін қазіргі күнде сақтап орындау оңай емес. Сондықтан жерлеуді ұйымдастыруды арнайы жерлеу қызметтерін көрсететін кісілер жүзеге асырады [12].

Қазіргі жерлеу рәсімінің өзгеруінің себебі «Отбасының жеңілдетілген салт-жоралары» және «жерлеу орталықтарының» пайда болуы. Жерлеу рәсімін ежелгі заманда өз үйлерінен тыс жерде өткізбеген, қазіргі кезде жерлеу орталықтары пайда болғалы рәсімді қоғамдық орындарда өткізу қалыпты жағдайға айналды. Сонымен қатар көптеген елеулі өзгерістер орын алды: аза тұту кезінде киетін арнайы дәстүрлі киімнің орнына батыс үлгідегі қара костюмді кию әдетке айналды, жерлеу рәсімдерінің тәртібі өзгеріске ұшырады. Қоғамдық жерлеу орталықтары жаңа жерлеу мәдениетін қалыптастырды. Жерлеу орталықтарында жерлеуге қажетті барлық құрал-жабдықтар мен тағамдарды ұсынып, көңіл айтып келушілерге қызмет көрсетеді. Бұл дәстүрлі жерлеу рәсімінің мүлде өзгеріп кеткендей әсер қалдырады. Алайда заманға сай әдіс-тәсілдері өзгерсе де, жоқтау киімін кию, аза тұту, жоқтау ғұрыптары, көңіл айту, мәйітті рәсімді орындап тасымалдау сияқты рәсімдердің өзі өзгеріссіз қалады. Сондықтан қазіргі сыртқы өзгерістерге қарамастан, қазіргі заманғы қалалық атмосферамен сіңісіп рәсімдердің кейбір орындалу тәртібі өзгеріске ұшырап сақталуы жалғасын табуда деп айтуға болады [13]. Үш күн бойы марқұмның денесі мәйітханада болады. Марқұмның туған-туыстары, достары мен әріптестері жерлеу рәсіміне дейін үш күн бойы мәйітханаға барып, жақындарына көңіл айтады. Мәйітханадағы орынды марқұмның туыстары жалға алады. Жерлеуге ақша алып келу әдетке айналған. Сона әртүрлі болуы мүмкін, әдетте 30-дан 100 долларға дейін. Ақшаны қайтыс болғанда берілетін арнайы аты-жөні жазылған конвертке салып береді. Марқұммен жақын таныс болмаған адамдар конверттерді таныстары арқылы беріп жібереді. Мұндай конверттерді кез келген дүкеннен сатып алуға болады, конверттер әдетте аза тұту залының кіре берісіндегі үстелде болады. Үстел үстінде жоқтау кітабы бар, оған келгендер өз есімдерін жазады. Қонақтар ақ гүлдермен безендірілген марқұмның портреті бар аза тұтатын алтарь алдында тағзым етеді. Портреттің жоғары бұрышына бір-екі қара лента бекітіледі. Тағзым еткеннен кейін қонақтар дастархан жайылған келесі бөлмеге барады.

Жерлеу қабірінің құнына, қабірге ескерткіш орнатуға кеткен шығындар мен барлық қажетті заттардың шығындары кіреді. Зираттағы орынның құны жер көлеміне, сондай-ақ бейіттің жеке немесе жұп болуына байланысты 8-ден 20 мың долларға (шамамен

4 миллион-10 миллион теңге) дейін болуы мүмкін. Бұл ретте зираттағы жер сатып алынбайды, 15 жылға жалға беріледі, одан кейін жалға беру мерзімі ұзартылмаса, қалдықтары қазылып, кремацияланып, колумбарийге ауыстырылады да, зираттың жері қайтадан сатылады. Колумбарийге келетін болсақ, бағалары бірнеше есе төмен. Күл салынған ыдысты қоятын арнайы орын, тауаша, кремация, аты жазылған табақ құны 2 000 долларды (1,000 000 теңге) құрауы мүмкін. Жерлеу рәсімінен кейін тауашаларды күту бойынша бес жылдық келісім-шарт жасалады: бір тауаша құны шамамен 125 доллар (60,000 теңге), келісімшарт жыл сайын жаңартылуы керек. Егер адам 70 жастан асқан болса, онда ол жерлеу орнын алдын ала таңдап, жерлеу рәсімін өзі төлей алады [15].

Корей халқы көбінесе кремацияны (мәйітті өртеп, күлін жинап алу) таңдайды. Себебі: жерлеу рәсімі қарапайым және арзанырақ болады, қабір күтімі қажет емес, колумбарий (кремациядан кейін мәйіттің сүйегінің күлі сақталатын орын) үйге жақын жерде орналасады. Оңтүстік Корея гендерлік теңдік және отбасы министрлігі мамыр айында бір ай бойы 1000 адам ішінде сауалнама жүргізді. Корейлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жерлеу әдісі ретінде крематорий орталығын орта есеппен 46,3% таңдаған екен. Сауалнамаға қатысқандардың 66% крематорий әдісін келешекте пайдалануды жөн көретіндігін көрсетті [15].

제례 [jerye] қайтыс болған адамды еске алу рәсімі. Бұл рәсімге қайтыс болған бабаларына қатысты орындалатын әртүрлі рәсімдерді жатқызамыз. Ұрпақтың парызы дүниеге алып келіп, өсіріп, тәрбие берген ата-бабасы үшін шын ниетпен рәсімдерді орындау. Қазіргі адамдардың өмірі қарбалас болғанына қарамастан, жылына бір рет ата-бабамызға шын жүрекпен алғыс айтып, барлық рәсімдерді орындауымыз қажет. Көбінесе адамдар ата-бабаны еске алу рәсіміне көп дайындық қажет, көп ас дайындау қажет деп ойлайды, бұл үлкен қателік. Барлық рәсім адамның жағдайына қарай шын көңілмен орындалса болғаны. Ас берген кезде адам қайтыс болған күні таңертең тыныш кезде құрбандықты шалған жақсы. Ас беру әдетте қожайынның үйінде өткізіледі, дастархан үлкен залда (төр бөлмеде) қойылады. Рәсімді марқұмның үлкен ұлы немесе үлкен немересі өткізеді.

Ата-ана дүниеден өткеннен кейін де оларға имандылық таныту қажет. Корей халқы өлімді қайғылы нәрсе деп санамаған. Өлімді табиғи заңды құбылыс ретінде қабылдаған. Ата-бабаға жақсы қызмет ету әр баланың парызы. Қарттар ата-бабаға жақсы қызмет еткен отбасының берекесі болады деп санаған. Олар ата-баба рухы ұрпақтарын қорғап жүреді деп сенген. Сондықтан, өмірден озған ата-бабаларымызға тірі ата-анаға қызмет еткендей құрмет көрсету керектігін естен тыс қалдырмау керек. Осылайша қайтыс болған ата-бабаларын еске алу рәсімін өткізіп, ұрпақ парызын өтеу «제례 [jerye]» деп аталады. «사례 [sarye]» рәсімі бірден төрт атаға жасалынатын рәсім. Бұрын корей халқы «사례 [sarye]» рәсімін барлық мейрамдарда өткізетін болса, қазіргі кезде тек Жаңа жыл мен Чусок мерекесі кезінде ғана өткізеді. «제사산 [jesasan]» қайтыс болған адамды еске алғанда жайылатын дастархан. Дастарханға тағамдар мен шарап қойылады. «사제 [shije]» -5-тен астам арғы ата-бабаларын еске алу рәсімін жыл сайын ай күнтізбесі бойынша наурыз айының немесе қазан айының бір күнін таңдап өткізетін рәсім [5]. Қайтыс болған ата-ананы қайтару мүмкін емес. Сондықтан еске алу немесе құрбандық

шалу рәсімдерінің барлығын орындау қажет деп есептеген екен. Еске алу рәсімі ата-бабаларына осы дүниеге алып келгендері үшін рахымдылығын танытып алғыс айту үшін өткізіледі.

Зерттеу нәтижесі. Корей халқы көптеген жылдар бойы Жапония мемлекетінің отарында болғанына қарамастан, өзінің ұлттық құндылықтарын, дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын сақтай алды. Сонымен қатар жаһандану мен модернизация үрдісінен тыс қалмай ежелгі ядро мен жаңа қабықты ұтымды түрде синтездеп, нәтижесінде өзгерген мәдени рәсімге ие болды. Рәсімдердің дәстүрлі түрде өтуі үкімет тарапынан қадағаланып отыр. Дәстүрлі рәсімдер қазіргі қоғамға сай интерпретацияға ұшырағанымен, әлі күнге дейін сақталып орындалып келе жатыр.

Қорытынды

Қазіргі кезде жаһанданудың таралу толқыны ұлттық мүдделермен айналысып жатқан мемлекеттерді ерекше алаңдатады. Бұл өзінің бет-бейнесі мен ұлттық бірегейлігін сақтауға тырысып, әртүрлі қарсыласу жолдарын іздеуге мәжбүр етеді. Сонымен қатар, ешкім әлемдік процестерден тыс қалып, болып жатқан үдерістен оқшауланғысы келмейді. Іс жүзінде ақпараттық және цифрлық технологиялардың таралу дәуірінде бұл мүмкін емес. Бұл мақалада біз корей халқының дәстүрлі «Өмірлік төрт рәсіміне» талдау жасап, рәсімнің тарихына үңіліп, қазіргі корей дәстүрлі мәдениетіндегі іздерін айқындадық.

Ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал ететін дәстүрлі мәдениетті заманауи мәдениетпен жақсы үйлестіріп келе жатқан елдердің бірі Оңтүстік Корея. Корей халқы дәстүрлі мәдениетінен ерекше орын алып, әлі күнге дейін сақталған рәсімдерге талдау жүргіздік. Корей халқының үкіметі «Өмірлік төрт рәсім» әдет-ғұрыптарының жаңа және дәстүрлі элементтерін біріктіріп, терең мәдени мәнін, формалары мен құндылықтарын жоғалтпай, қазіргі қоғамға түсінікті, әрі жеңіл етіп интерпретациялауды жөн көреді. Қазіргі кезде Оңтүстік Корея мемлекетінің «мәдениет және туризм» министрлігі дәстүрлі кәметке толу рәсімін салтанатты түрде өткізуді қайта жаңғыртты. Корей қоғамында жүргізген сауалнама нәтижесі есею рәсімін өткізуге қажет деп көрсетті. Үйлену тойдың бірінші жартысы Батыс үлгіде өткенімен, екінші той жартысы дәстүрлі түрде өткізілуін мемлекет тарапынан қадағаланып отырғандығын рәсімдерге байланысты қабылданған заңдарынан байқаймыз. Қазіргі қоғам арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі үйлену тойын өткізу шығыны көп болғандықтан жастар үйленуге асықпайтындығын көрсетті. Сонымен қатар, жастар ежелден келе жатқан екі отбасы арасында орындалатын сыйлық алмасу рәсімі қажет емес деп белгіледі. 1920 жылдары жапондықтар корей халқына қайтыс болған адамды кремациялау әдісін енгізген уақытта наразылығын білдірген еді. Қазіргі қоғамның көзқарасы өзгерген, жүргізілген сауалнама нәтижесінде корей халқы көбінесе кремациялау әдісін қолданғанды жөн көреді деп көрсетті. Еске алу рәсімін ежелгі кезде әр мейрам кезінде өткізген, ал қазіргі кезде тек Чусок және корей халқының жаңа жыл мерекесінде өткізеді. Қазіргі Оңтүстік Кореяның бейнесі, ең алдымен, ерекше мәдениеті мен терең дәстүрінің түйісуінен қалыптасып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Геннеп А. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. – Москва: Восточная литература, 1999. – 198 с.
2. Джарылгасинова Р.Ш., Крюков М.В. Календарные обычаи и обряды народов Восточной Азии. Годовой цикл. – Москва: Наука, 1989. – 360 с.
3. Ионова Ю.В. Обряды, обычаи и их социальные функции в Корее: середина XIX – начало XX в.– Москва: Наука, 1982. – 232 с.
4. Ланьков А. Н. Корея: будни и праздники. – Москва: Международные отношения, 2000. – 480 с.
5. Лим Э.Х., Че И.Е., Корнеева И.В. Традиционная культура корейцев в обрядах жизненного цикла. – Южно-Сахалинск: СахГУ, 2015. – 92 с.
6. Kim Yn Hye. A study on the traditional coming-of-age ceremony in Korea: Dissertation (Ph.D.) 2020. – P. 217-229.
7. Kim Hong-goo, Gwan-rye Trends from the period of modern transition [Electronic resource] 2023. URL: <https://www.kci.go.kr/kciportal/ci/sereArticleSearch/ciSereArtiView.kci?sereArticleSearchBean.artiId=ART002957483> (Accessed: 02.05.2023).
8. Kim Jong Kun. The Succession of the Wedding Tradition of Korean and Modern Transformation // The Journal of the Humanities for Unification. - 2019.-№63(2). - P. 35-40.
9. Joo Young-ha, Yang Mi-kyung, Jo Hee-jin, Kim Hye-sook, Jeong Heon-mok, Yang Young-gyun. Two styles of Korean weddings. A duo of traditional and modern. – Publication Department of the Academy of Korean Studies, 2021. – P. 150-200
10. Funerals and commemorations in Korea [Electronoc resource] - 2020. URL https://world.kbs.co.kr/service/program_segments_view.htm?lang=r&procode=koreanlife&bbs=othc_qna&no=35474/ (Accessed: 10.06.2023).
11. Juljan Biontino. Changes in funerary rites and burial practices in Modern Korea (1876–1945) // The Journal Contemporary Japan.–2020. Volum 32, Issue 1. -P.20.
12. Ri-Hye Han. : Governing death and dying in Japan and its colonies – From state control to self-optimization // The Journal Contemporary Japan. – 2020. Volume 32, Issue 1. – P.30.
13. Kim Shi-dug. Funeral Culture in Contemporary Urban Area (현대도시공간의 상장례 문화) // The Korean Folklore Academic journal. - Vol.41 - 2005.6 51 - 94 (44p).
14. Ministry of Finance, Marriage Service Status Investigation Research Service - brides cry over dark wedding costs... Government to disclose prices [Electronoc resource]. - 2024. URL: https://www.newsis.com/view/NISX20240503_0002723626 (Accessed: 02.08.2024).
15. In order to have a healthy ‘crown wedding and funeral’, we must first eliminate ‘false rites and false decorations’ [Electronoc resource]. URL: <https://www.100ssd.co.kr/news/articleView.html?idxno=17433> (Accessed: 08.08.2024).

References

1. Gennep A. Obryady perekhoda. Sistematicheskoe izuchenie obryadov [Rites of passage. Systematic study of rituals] (Eastern Literature, Moscow, 1975, 198 p.). [in Russian].
2. Dzharylgasinova R. Sh., Kryukov M.V. Kalendarnye obychai i obryady narodov Vostochnoi Azii. Godovoi tsikl [Calendar customs and rituals of the peoples of East Asia. The annual cycle] (Nauka, Moscow,1989, 360 p.). [in Russian].

3. Ionova Yu.V. Obryady, obychai i ih social'nye funktsii v Koree: seredina XIX – nachalo XX v. [Rituals, customs and their social functions in Korea: mid-XIX - early XX century] (Nauka, Moskva, 1982, 232 p.). [in Russian].
4. Lan'kov A.N. Koreya: budni i prazdniki [Korea: weekdays and holidays] (Mezhdunarodnye otnosheniya, Moscow, 2000, 480 p.). [in Russian]
5. Lim E.Kh., Che I.E., Korneeva I.V. Tradicionnaya kul'tura koreitsev v obryadah zhiznennogo tsikla [Traditional Korean culture in the rituals of the life cycle] (SakhSU, Yuzhno-Sakhalinsk, 2015, 92 p.). [in Russian].
6. Kim Yn Hye. A study on the traditional coming-of-age ceremony in Korea: Dissertation (Ph.D.), 217-229 (2020). [in Korean]
7. Kim Hong-goo, Gwan-rye Trends from the period of modern transition [Electronic resource]. Available at: <https://www.kci.go.kr/kciportal/ci/sereArticleSearch/ciSereArtiView.kci?sereArticleSearchBean.artiId=ART002957483> (Accessed: 02.05.2023). [in Korean].
8. Kim Jong Kun. The Succession of the Wedding Tradition of Korean and Modern Transformation // The Journal of the Humanities for Unification, 63(2), 35-40 (2019).
9. Joo Young-ha, Yang Mi-kyung, Jo Hee-jin, Kim Hye-sook, Jeong Heon-mok, Yang Young-gyun. Two styles of Korean weddings. A duo of traditional and modern. – Publication Department of the Academy of Korean Studies, 150-200, (2021).
10. Funerals and commemorations in Korea, 2020. [Electronic resource] Available at: https://world.kbs.co.kr/service/program_segments_view.htm?lang=r&procode=koreanlife&bbs=othc_qna&no=35474/ (Accessed: 10.06.2023).
11. Juljan Biontino. Changes in funerary rites and burial practices in Modern Korea (1876–1945) // The Journal Contemporary Japan, 32(1), 20, (2020).
12. Ri-Hye Han. Governing death and dying in Japan and its colonies – From state control to self-optimization // The Journal Contemporary Japan, 32 (1), 30, (2020).
13. Kim Shi-dug. Funeral Culture in Contemporary Urban Area (현대 도시 공간의 상장례 문화) // The Korean Folklore Academic journal, 41, 51-94, (2005). [in Korean].
14. Ministry of Finance, Marriage Service Status Investigation Research Service - brides cry over dark wedding costs... Government to disclose prices (2024) [Electronic resource]. Available at: https://www.newsis.com/view/NISX20240503_0002723626 (Accessed: 02.08.2024).
15. In order to have a healthy 'crown wedding and funeral', we must first eliminate 'false rites and false decorations' [Electronic resource]. Available at: <https://www.100ssd.co.kr/news/articleView.html?idxno=17433> (Accessed: 08.08.2024). [in Korean].

Д. Илияскызы, А.Б. Абаган, Ш.Т. Сауданбекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Четыре жизненных ритуала в традиционной корейской культуре: прошлое и настоящее

Аннотация. Стремительный процесс глобализации создает множество вызовов национальным и государственным интересам. Основной целью данной статьи является анализ

сохранения традиционного обряда жизненного цикла в повседневной жизни корейцев, восходящего к времени династии Чосон, в современных условиях стремительно развивающегося и изменяющегося общества Южной Кореи, определить отношение современного корейского общества, изучить законы, принятые правительством относительно ритуалов. Авторская гипотеза состоит в том, что корейский народ пытается соединить новые и традиционные элементы обрядов «Четыре жизненных ритуала», не потеряв глубинного культурного смысла, форм и ценности, но добавляя современную интерпретацию, понятную и привлекательную для молодых поколений. Актуальность и новизна: рассмотрен опыт корейского народа, рационально сочетающего традиционную культуру и процесс глобализации, а также впервые были изучены внутренние и внешние факторы, которые привели к трансформации обычаев Южной Кореи. Методы исследования: в данной работе применены исторический и антропологический анализ, общетеоретические методы (анализ, синтез и абстрагирование), анализ источников. Результат исследования: корейский народ не только сохранил свои национальные ценности, традиционную культуру и обряды, но и рационально синтезировал древнее ядро и новую оболочку, получив в итоге трансформированный культурный обряд. Установлено, что проведение традиционных обрядов контролируется государством.

Ключевые слова: глобализация, культура Южной Кореи, ритуал, традиция, нация, обычай.

D. Iiyaskyzy, A.B. Abagan, Sh.T. Saudanbekova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The Four Ceremonial Occasions in Korean Traditional Culture: Past and Present

Abstract. The rapid process of globalization creates many challenges to national and state interests. The main objective of this article is to analyze the preservation of the traditional life cycle rite in the daily life of Koreans, dating back to the Joseon dynasty, in the modern conditions of the rapidly developing and changing society of South Korea, to determine the attitude of modern Korean society, to study the laws adopted by the government regarding rituals. The author's hypothesis is that the Korean people are trying to combine new and traditional elements of the rituals of the «Four Ceremonial Occasions» without losing the deep cultural meaning, forms and value, but adding a modern interpretation that is understandable and attractive to younger generations. Relevance and novelty: the experience of the Korean people, rationally combining traditional culture and the process of globalization is considered and for the first time the internal and external factors that led to the transformation of customs in South Korea were studied. Research methods: this work uses historical and anthropological analysis, general theoretical methods (analysis, synthesis and abstraction), analysis of sources. The result of the study: the Korean people not only preserved their national values, traditional culture and rituals, but also rationally synthesized the ancient core and the new shell, ultimately receiving a transformed cultural ritual. It was established that the conduct of traditional rituals is controlled by the state.

Keywords: globalization, culture of South Korea, ritual, tradition, nation, custom.

Авторлар туралы мәлімет:

Ілиясқызы Д. – Қиыр Шығыс кафедрасының докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Абаған А.Б. – Қиыр Шығыс кафедрасының PhD, доценті м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сауданбекова Ш.Т. – PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Piyaskyzy D. – PhD student of the Department of the Far East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Abagan A.B. – PhD, professor, Department of the Far East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Saudanbekova Sh.T. – PhD, professor, Department of the Far East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).